Сейсенқұл Өміржанның
«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» тақырыбында жазылған зерттеу жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай Құнанбайұлы өзінің әдеби шығармашылығы арқылы күллі әлемдегі қазақ ұлтының дүниетанымы мен руханияттық әлемін дамытуға орасан зор үлес қосқаны белгілі. Ұлы ақын шығармаларының тек Қазақстан аумағында емес, әлемдік әдебиетте және өзге елдердегі қазақ қоғамында да кеңінен таралған. Ұлы тұлға шығармаларының әлемге таралу, жариялану, қабылдану, даму жайын зерттеу бүгінгі таңдағы аса маңызды мәселелердің бірі. Абай Құнанбайұлы шығармашылығының ұлттың рухани дамуына әсері қазіргі Қазақстандағы қазақ әдебиеттануы саласында ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеліп келеді.

Біздің диссертациялық жұмысымызда бұрын аса назар аударыла қоймаған Абай Құнанбайұлы шығармаларының ҚХР қазақтары арасында таралуы мен ондағы қаламгерлер шығармашылығына әсері, ақын шығармаларының баспадан жарық көру кезеңдері, ақынның өзі өмір сүрген кезеңнен бастап, бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы қытай қазақтары әдебиетінің өркен жаюына Абай ақындық болмысының дәстүрлік ықпалы нақты деректер мен мысалдар негізінде сараланып, жан-жақты қарастырылған. Қазақстан және Қытай халықтары арасындағы рухани байланыста ақын шығармашылығының атқарған мақсат-міндеттері мен мән-маңызы туралы дәйекті тұжырымдар берілген.

Зерттеу жұмысының басты бір өзіндік ерекшелігі – Абай Құнанбайұлы шығармалары мен қытай қазақтары арасынан шыққан қаламгерлер шығармалары арасындағы тілдік, стильдік, поэтикалық байланыс, дәстүр жалғастығын нақты поэзиялық туындыларды талдау арқылы ұсынылуы болып табылады. Сондай-ақ ақын шығармаларының ҚХР-да таралуы, аударылуы, ұлттық әдебиетке рухани әсері, т.б. мәселелердің қос ел әдебиетін салыстыра отырып зерттеу арқылы шешімін табуы диссертациялық жұмыстың ғылыми маңызын арттыра түседі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Абайдың рухани мұрасы қазіргі таңда тұтас адамзаттың рухани қазынасына айналып отыр. Абай – қазақ халқының рухани қазынасын өзіндік шығармаларымен байытқан әлемдік деңгейдегі ақыл-ой иесі. Сондықтан да, қытайдағы қазақ қаламгерлерінің Абайдан үлгі-өнеге алуы мен дәстүр жалғастығындағы жаңашылдық мәселелерінің кеңінен қарастырылуы зерттеу тақырыбының өзектілігін танытса керек.

Қытай қазақтары Абай шығармашылығымен өткен ғасырдың бастапқы кезеңінен бастап танысып, өздерінің рухани өміріне арқау етіп, әлеуметтік-

мәдени көзқарастары мен ұстанымдарының қалыптасуына тірек етіп келеді. Әрине, Абай шығармалары мен оның әлеуметтік ой таным жүйесі екі елдегі бір ұлтқа екі түрлі жолмен тарағаны белгілі. Ендеше, қытай қазақтарының абайтануының сыр-сипатын, себеп-салдарын сараптау – бүгінгі Абай мұрасын зерттеудегі аса маңызды мәселе болып табылады.

Абай шығармашылығы арқылы ұлы тұлғаның даналық болмысын ҚХР-дағы қазақ жұртының танып-білуі ұлттық руханияттың өркен жаюымен бірге, екі елдегі қазақ ұлты өкілдерінің рухани-мәдени өзара байланысын дамытуға айырықша әсер еткендігін дәйекті түрде дәлелдеу, тақырыптың өзектілігін танытса керек.

Зерттеудің нысаны. Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және оның Қытайдағы қазақ қауымына жетуі, насихатталуы мен зерттелу жолдары.

1. Абайдың әдеби мұрасы – өлең дері, поэмалары, қара сөздері және аудармалары. Бұл туындылардың философиялық, этикалық, эстетикалық мәні мен қазақ қоғамына ықпалы.

2. Кеңестік кезеңде және кейінгі дәуірде шекара асып жеткен әдебиеттер мен қолжазбалар арқылы;

Қытайда басылып шыққан қазақ тіліндегі оқулықтар мен баспасөз (мысалы, «Шыңжаң газеті», «Іле газеті»); Жеке адамдардың ауызша таратуы, жатқа айту дәстүрі.

3. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері мектеп бағдарламаларына енгізілуі; Мәдени іс-шараларда, әдеби кештерде оқылуы; Радио мен теледидар арқылы насихатталуы; Жазба әдебиет пен оқу құралдары арқылы таратылуы.

4. Зерттеушілер: Омарғазы Айтанұлы, Жанат Ахметұлы, Құсайын Сартұлы сынды ғалымдар; Шыңжаң университеті мен Іле педагогикалық институтындағы ғылыми еңбектер; Қытайда жарық көрген қазақ тіліндегі зерттеу мақалалар мен кітаптар (мысалы, «Абай және қазақ мәдениеті», «Абайтану негіздері»); Қытайдағы баспалардан шыққан аудармалар мен Абай шығармалары.

Зерттеу мақсаты. Абай мұрасының Қытай қазақтарына жету жолдары мен Абай шығармашылығының ондағы қазақ руханиятының өрлеуіне қосқан үлесін саралай отыра, Абайдың руханияттық мұрасының зерттелуіне талдау жасау арқылы Абайдың даналық танымының ұлттық рухани ой-сананың дамуына тигізген әсері мен көшбасшылық рөлін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

– Абай шығармашылық өмір жолын Қытайдағы зерттеуші-ғалымдардың зерттеу жұмыстары негізінде алынған тың деректерме толықтыру;

– Абай шығармаларының Қытайдағы насихатталу жолдарын айқындау;

– Абай шығармаларының баспасөз беттерінде жарық көруінің бастау көзі мен жарық көру кезеңдерінің ерекшелік сипаттарын саралау;

– Абай шығармашылығындағы азаматтық таным мен Абайдың ағартушылық идеяларының өміршеңдік болмысын анықтау;

– Қытайдағы Абай мұрасын зерттеушілер еңбектерінің абайтану іліміне қосқан үлестерінің жаңашыл ғылыми мәнін тұжырымдау.

– Абай мұрасының Қытайдағы өзге ұлттар тіліне аударылуындағы Абай мұрасы арқылы екі ел қазақтарының тарихи тамырластығын айқындап көрсету, ұлттық бірегейлікке, рухани тұтастыққа барар жолдарды бағамдау.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі. Зерттеу жұмысының негізіне әдеби-мәдени, әлеуметтік-мәдени, тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси зерттеу әдістері алынды. Тақырыпты тереңдей қарастырып зерттеу үшін ғылымаралық байланыс әдісі қолданылды. Абай мұрасын зерттеген: Ә. Қалиұлы, Қ. Мәнжібаев, А. Ахметова, С. Бейлұр, Д. Жайлыбай, А. Жүнісбаев, Ө. Қанай, Д. Махат, Н. Әнуәшұлы, Ж. Мырзақанұлы, Су Чжоушиоң, Ә. Мәжитұлы, Б. Досжанұлы, Н. Бейбітқызы, А. Әбеу, Т. Қашқынұлы, Б. Наукенұлы, Қабай, З. Нұрсапаұлы, Д. Мәсімханұлы, М. Разданұлы, Ә. Найманбаев, Қ. Арабин, Лу Син（鲁迅, Чэнь Шимин（陈世明, Чжэн Чжэндун（郑振东, Әкбар Мәжит（艾克拜尔·米吉提, Сун Хункай（孙宏开, Мұхаттар Мұбарәк（木哈塔尔·木巴热克,）Ло Янь（罗艳, Кон Вэньсюн（孔文迅）секілді зерттеуші, аудармашы ғалымдардың еңбектері диссертация құрылымына арқау болды.

Зерттеу әдістері. Бұл зерттеуде әдебиеттанушылардың, тарихшылардың, әлеуметтанушылардың, мәдениеттанушылардың, саясаттанушылар мен философтардың еңбектері мен тақырыпқа қатысты ақпараттық дереккөздерде жарияланған материалдар негізгі танымдық база ретінде пайдаланылды. Абай мұрасының Қытай қазақтарына жету жолдары мен рухани ықпалын ашуда дереккөздерге талдау жасау, оларды сараптау және жіктеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу нысанын тереңірек ашу мақсатында салыстырмалы талдау әдісі тиімді пайдаланылды. Бұл әдіс Абай шығармашылығының әртүрлі әлеуметтік-мәдени контекстердегі қабылдануын салыстыра отырып, оның идеялық-мазмұндық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеліп отырған тақырып бойынша жалпы Абай шығармашылығы, Абайға қатысты қазақстандық және қытайлық абайтанушылар, мәдениеттанушылар, педагогтардың, философтардың, әлеуметтанушылардың еңбектері. Сонымен қатар, Абай туралы ақпарат жарияланған газет-журналдардағы деректер де зерттеу жұмысымыздың материалын толықтырды.

Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері. Зерттеу жұмысы үшін қажетті теориялық және практикалық ақпараттарды жинақтау, жүйелеу, талдау, бақылау, негіздеу, зерттеу және тұжырымдау негізгі үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2022-2023 жж.) Абай Құнанбайұлы шығармаларының ауызша және жазбаша таралуы, баспадан жарық көруі және оған түрткі болған қазақ зиялыларының еңбектері мен тұжырымдары жинақталып, зерттеудің басты бағыттары мен тарауларының тақырыптық негіздері нақтыланды. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері айқындалды.

Екінші кезеңде (2023-2024 жж.) Абай шығармаларының ҚХР-да аударылу тәжірибесі, оған үлес қосқан тұлғалар туралы деректі ақпарат

жинақталды. Ақын шығармаларының ҚХР-да тәржімалану хронологиясы жасалды. Зерттеу қорытындысы арнайы ғылыми мақала ретінде жарияланды.

Үшінші кезеңде (2024-2025 жж.) барлық зерттеу жұмысының нәтижелері сұрыпталып, бір жүйеге түсірілді. Ақын шығармаларының қытай қазақтары арасында таралуын зерттеу арқылы Абайдың рухани мұрасының сақталу, шетелдерге таралу жолдары нақтыланды. Абай мен одан үлгі алушы өзге де ақындардың шығармаларын талдау арқылы әдебиеттегі дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық сипатының мәні айқындалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

– Абай мұрасының Қытай қазақтарына жету жолдары алғаш рет шындыққа негізделе нақтыланып, ғылыми айналымға түсті;

– Абай мұрасының Қытай баспасөз беттерінде түрлі жанрда жариялаған материалдары түгелге жуық жинақталып, тұңғыш рет жан-жақты талқыланды, олардың жарық көру жолдары анықталды;

– Абай мұрасының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы орны мен ықпалы алғаш кең көлемде ғылыми зерттеу нысанына айналды;

– Абай мұрасы екі елдегі қазақ жұртының рухани-мәдени сабақтастығының негізгі тірегі екендігі ғылыми негізде жүйеленді;

– Қазақ руханиятының дамуына аса зор үлес қосқан Абай рухани мұрасының Қытайдағы зерттелу кезеңдерінің айқындалуына тұңғыш рет хронологиялық сараптама жасалынды;

– Абай шығармашылығының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуына тигізген игілікті ықпал-әсері нақты дерек көздеріндеріндегі мысалдарды жан-жақты талдау арқылы дәлелденіп, ғылыми айналымға қосылды

Зерттеудің теориялық маңызы. Бүгінде қазақ әдебиеттану ғылымында Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасы мен шығармашылығы туралы зерттеулер белсенді түрде жүргізілуде. Біздің зерттеу еңбегімізде ҚХР-дағы қазақ қоғамындағы ақын шығармаларының таралуы, аударылуы, басылуы, шығармаларының оқырман мен ақындардың жаңа легіне тигізген дәстүрлік үлгі-өнегесінің ғылыми аспектіде зертелуі жұмыстың ғылыми-теориялық маңызын айқындай түседі. Себебі жұмыста ақын шығармаларының қытай қазақтары ортасында таралу кезеңі тарихи деректер негізінде жүйеленеді. Сонан соң, Абай шығармаларының ҚХР-да таралуымен қатар аударылуының жетістіктері тарихи-салыстырмалы тұрғыдан жете зерттеледі. Сонымен бірге, Абай дәстүрін жалғастырушы жаңа қытай ақын-жазушыларының жаңа есімдерінің шығармаларын поэтикалық және көркемдік негізде талдай отырып, жаңа стильдік ерекшеліктер мен тілдік айшықтар теориялық тұрғыда тұжырымдалады. Зерттеу жұмысының нәтижелері әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелерді теориялық сипатта түйіндеп, абайтану негізінде дәйектеуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңызы. Жоғары оқу орындарының филология факультетінде оқылатын жалпы курстар мен таңдау курстарындағы дәрістер мен практикалық сабақтарда пайдалануға болады. Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен жаңалықтар теориялық және практикалық сипатта Қазақстандағы және Қытайдағы қазақ

әдебиет тарихы бойынша зерттеулердегі ғылыми ізденістерге ннегіз қалайды. Көмекші оқу-әдістемелік құрал ретінде «Қазақ әдебиетінің тарихы», «XIX ғасыр әдебиеті», «Абайтану» пәндерінде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Диссертациялық жұмыстың жазылуы барысындаа айқындалған нәтижелер бойынша төмендегідеей тұжырымдар ұсынылады:

1. Абай Құнанбайұлы мұрасының ҚХР-дағы ауызша және жазбаша таралу жиілігі мен көркемдік сипаты нақты айқындалып, қытайдағы Абай мұрасы түгенделді.

2. Ақын шығармаларының аударылуы және аударуға үлес қосқан қаламгерлер мен ізін жалғастырушы тұлғалардың еңбектері, атқарған жұмыстары нәтижелері ғылми негізде жүйеленді.

3. Абай шығармаларының ҚХР қазақтары арасында баспасөз беттерінде жариялануының өзекті мәселелеріне толық түрде талдаулар жасалынды.

4. Ақын шығармаларының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі аса зор екендігі тың дерктермен толықтырылып, олар ғылыми сараптамалар арқылы дәйектелді.

5. Абай шығармалары мен Қытай қазақтары ақындарының шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық ізденістерінің мәні өте зор екендігіне әдеби туындыларды салыстырмалы талдау арқылы нақты көз жеткізілді.

6. Ақын шығармаларының ҚХР-да таралу мәселесі хронологиялық жүйе негізінде анықталып, тарихи деректер аясында жүйеленді.

Зерттеу жұмысының жариялануы және мақұлдануы:

Ғылыми ізденіс барысында отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасалды, 12 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, ҚР БҒССҚК бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала, отандық, шетелдік халықаралық конференция басылымдарында 6 мақала жарияланды.